

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылыков, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

ЖҰМБАҚ ЖАН

Жүргегіннің тубіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Абай

Осы екі жол – теңізшінің тарланына жеткізбейтін мұхиттың тұнғызық түбіндей. Бұл тұнғызықта бір күнде, бір айда, бір жылда шешілетін құпия жатқан жоқ, ғасырлар шешетін, бәлки, шеше жататын жұмбақ жатыр.

Абай Құнанбаев сыңды ұлы ақындардың магынасы терең мұрасы бір кезеңнің, бір дәуірдің еншісінде қалмайды. Оған ауыспалы ұрпактар өз көзқарасын білдіріп өз бағасын бере жатады. Мазмұнды өміrbаянның, мәністі творчествоның қыры мен сыры дәуірлердің барысында ашыла түседі. Таңдауға таусылmas әдеби мұраны былай қойып, Пушкин мен Лермонтовтың өлімі туралы тын деректерді еске алсақ, айтылмыш шындыққа күмән қалмайды. Пушкинмен атысарда Дантестың сауыт киіп шыққаны анықталды. Қиянатшыл қарауларға жүз жылдан асқанда сот құрылды. Ал, Лермонтовтың өлімі күні бүгінге шейін жұмбақ. Біреулер Мартынов атты десе, енді біреулер жасырынып тұрған шешен атқан деседі. Бұған оқтың бүйірден қиғаш тигенін, Мартыновтың қартайғанда жарған сырын дәлел етіседі. Аталған екі алыпқа қарама-қарсы ұзақ өмір сүрген Тургенев пен Лев Толстойның тіршілік сапарынан ашылған шырғалаң жаңалықтар бүгінгі буынның сыйбагасына тиіп отыр. Қазақ халқының төл перзенті Шоқан Уәлиханов хакында табылған, табылып жатқан соны да сирек деректер – қуанышты қазына, қуанышты үміт. Бұлай болса, қылыш кезеңде туып, шытырман өмір кешкен ұлы пендelerde жұмбақ көп. Абайдың айтып кеткені де осы еді. Қыры қыруар, сыры қыын Абай өз тұсына ғана жұмбақ болмай, осы заманға да сыйбага қалдырып кеткен. «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла», – дегенде, келешек дәуірлерге, тың түлектерге мұн шағып, сыр мензеген, түпсіз тұспал қалдырған. Өз заманынан

озған ойшыл жан болашақ қауымнан дәмеленгенде, тілдің таңбасынан жүректің терендігін артық көреді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінінің оңай табылмайтынын сырышыл да шыншыл бейнемен жеткізеді.

Абай осындай. Оның өмірбаяны, өсікен ортасы, әркіммен әр топпен аралас-құраласы ел аузында сақталған аныз-лақап арқылы жетті. Баспасөзден таңба тапқан тарихи деректер, архивтік материалдар мәрдымыз болды. Абай заманының шым-шытырық шәркездігі бейтарап талдаудан қағажу қалған шақтар өз алдына. Ауыз толтыра айтатынның бұрынғы екі Россия, ілгерімпаз Россия мен кертартпа Россия еді. Мәселені осылайша екіге бөлумен тынудың өзінде ауырдың үстімен, женілдің астымен өтерлік желбекейлік бар-ды. Абай сынды айрықша дарынның, сырышыл, шыншыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні қазақша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді. Әлеуметтік көзқарас пен суреткерлік шыншылдықтың арасындағы қайшылық өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, ұлгілі ел болуын тілеген Абай – қайсар қайраткердің қатарында нәзік те әсершіл ақын, қын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтпаса, өзін тануға келгенде, ғажайып қайшылықтарға ұрынады. Бұл өте-мөте ұлы суреткерлерге тән қасиет. Гете мен Омар Найямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Онорэ де Бальзак пен Лев Толстойдың тәжірибесі – осының айғағы. Осы тұрғыда абайтану проблемасы талапкердің еншісіне тилемел емес, төзіміне, еңбеккерлігіне, дарыннына тилемел. Бұл жүйедегі шашыранқылықты атап айтқанда, Абайды аңызға айналдырушылардың, оны зерттеушілердің, ол жайында еңбек жазушылардың мінез-құлқы, білім дәрежесі, дарын қыры, талғам мөлшері түрлі-түрлі екенін, демек олар ұлы адам төнірегінде өздерін көрсетпей тұра алмайтынын қоссақ, манағы жұмбакқа қайта соқпасқа лаж жоқ. Оны кім шешті, қашан шешті, қалай шешті. Шешті ме, жоқ, жорамалмен тынды ма? Міне, гәп осында, өсіре сөйлеуге немесе керісінше өшіре сөйлеуге шыдаған қазақ күелігінде табиғи түйіндерді табу оңай емес. Бұған қоғам атаулының өсу сатылары болатынын, әр ұрпақ өткен кезеңдерге, асуларға өз көзімен қарайлайтынын, тарихи

оқиғаларға, құбылыстарға, көріністерге тағылған айдар, қойылған ат буын ұғымының сыр-сыпатына әйгілі әсер тигізетінің қоссақ, абайтанудың өте-мөте қурделі ілімге зәру екенін түйткілсіз түсінеміз.

Әдеби ілім өткендегінің кайталаудан, инабаттыға еліктеуден, даусыз деректі көшіруден тумайды. Шашыраган шындықтардың басын біріктіру де жеткіліксіз. Әдеби ілім сыршыл шындық, жаңсақсыз жаңалық әкелмек. Бейнелеп айтқанда, дөңгеленген дербес дүниелік болуга керек. Ғалымның ақындық албырт жаны, алғыр ойы, шынайы сезімі шарт. Сонда ғана оқырманды толғандырлышқ, ой-өрісін кеңітерлік, көңілін байытарлышқ енбектер тумақ. Вольтердің: «Іш пыстырмайтын жанрдың бәрі жақсы» деген қағидасы осыған саяды. Ғылыми еңбектің, ғылыми жұмыстың ішкі тұтастығы, шеңбер сұлулығы табылса, мезілікке орын жоқ. Руссо мен Дидроның, Белинский мен Чернышевскийдің шығармалары осы пікірді нығайтады.

Қазақтың ысылған классикасы Абайдан басталса, оған күні бүгінге шейін бір де бір ақын тіркелмесе, Абай туралы еңбек жазудың жауапкершілігі өзінен өзі түсінкіті. Аскар таудың түбі тұншықтырады. Оның биiktігін анғару үшін алыстан қарау керек. Көз жазып қалуға жөне болмайды. Бұл жағынан келгенде, мүшел мерекелер қонақтаған жолаушыны толғандырлышқ белестерге барабар.

Абай – азамат, қайраткер, санаткер, ойшыл, ақын! Ол – өз заманының перзенті, тұстасы, ағасы, атасы. Ол – өз дәуірінің күрескері, ақылгөйі. Осының баршасын топтастырганда, «Абай» деген кеменгер тұлға туады. Бұл тұлғаны қалайша анықтауға, қалайша мүсіндеуге керек? Дәүір арқылы Абайды ашамыз ба яки болмаса Абай арқылы дәуірді ашамыз ба? Әдебиет зерттеу тәсілі жағынан келгенде, бұның мәні айрықша. Психологияны анықтайтын ғылым бір бейімді адамды талант тобына телісе, бірнеше бейімнің басын қоскан кісіні данышпан деп таниды. Абай Құнанбаев осының соңғысына жатады.

«Данышпан жан өзінің кім екенін білмейді» деген тұжырым тым ұшқары. «Жаһанға екі тәнірінің керегі жоқ» деген ежелгі

қолбасшылардың астамшылығын, дінгегі табылса жер шарын шырқ айналдырмақ болған Архимедтің ғылыми арманын, сонау Овидийден басталған әдеби «Ескерткіштерді» еске түсірінізші, кеменгерлердің кім екенін айтпай ұғынасыз.

Өзінің кім екенін білген Абай тоғыз жолдың торабында өнерді, оның ішінде поэзияны таңдады. Соның өзінде «Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деп теткіді. Жіті ойласаңыз, осында қашшама мағына жатыр. Абай өзінің ішкі әлемін ашып, өлеңмен мұң шағады, өлеңмен наз төгеді, өлеңмен сыр шертеді. Поэзияның табиғатын жетік білген ақын жомарттық жасайтын жерде жомарт та, сараңдық жасайтын жерде сараң. Ол кейде төкпе, кейде бұкпе. Кейде сыршыл, кейде суретшіл. Кейде іңкәр, кейде торыққыш. Кейде әсершіл, кейде байқампаз. Кейде ойшыл, кейде ақылгөй. Осының бәрі оның байырғы болмысының, табиғи дарынының үстіне оның мұратының, мақсатының, муддесінің кеңдігінен туған қасиеттер еді. Ағымдағы баспасөзі меншікті нәшірияты жоқ қазақ сахарасында өлең-жыр хисса-дастан өте-мөте өтімді еді. Сондықтан да Абай поэзияға төтенше жүктер артуға мәжбүр болды. Әбден тоқтасқан шағында туған қара сөздерін былай қоя тұрсақ, Абайдың фәлсапасы, эстетикасы, тұрмыстық толғаныстары оның поэзиясында, жұртқа тез тарайтын ұшқыр жанрда жатыр. Құн ілгері айта кету керек, Абайдың кейір өлеңдерін орысшаға аударғанда, оның жалаң ақылгөй (дидактик), сырсыз шешен (риторик) боп көрінуінде осындай тарихи себептер бар. Осыған байланысты есте тұтатын және бір жәйіт, әдебиеттің жас кезінде, қалыптаспаған шағында поэзия әр түрлі міндет атқарып, әр түрлі жүк көтере береді. Горацийдің, Лукрецийдің поэмалары ғылыми трактатқа жатса, Ломоносовтың кейір ұзақ толғаулары шаруашылықты уағыздауға мәжбүр болады. Бұған баяғы Авиценнаның жырмен жазған ғылыми еңбектерін қоссаныз, поэзияның алғашқыдағы орнын оңай аңғарасыз. Төркіні тым әрідегі қазақ поэзиясының ұлттық өмірде араласпаған саласы жоқ. Сәбидің тілін сындыратын жаңылтпаштан дананың жұмбағына шейін, жар-жардан жоқтау жырына шейін, қаһармандық дастаннан ғашықтық дастанына

шейін, тойбастардан хиссаға шейін, ауызекі айтыс пен қағаз жүзіндегі айтысқа шейін поэзия үстемдік жүргізді. Терме, тақпак, жарапазан жырмен айтылса, жетстандай шешендер сөзі ырғаққа құйылды. Осының бәрі қазақ топырағында поэзияны бірде құнды етсе, бірде құнсыз етті. Осындаи салт-санада, осындаи дәстүрде, осындаи қауымда өскен Абай тұңғыш жырын пірге сыйындан, баяғы «мәдеть бер алладан» бастап, еліктеуге ұрынса, кейін бірте-бірте поэзияның өмірдегі орнын, ақындық қуаттың құдырестін ұғына бастады. Санаға сіңген шешендік, қанға дарыған қаратілдік сарапқа түсіп, сараланды, сұрыпталды, екшелді. Сөз сұлулыққа құрылмай, шымырлыққа, шынышылдыққа, мағыналыққа, астарлылыққа құрылды. Бұның баршасы, қайталаі айтқанда, Абайдың өзін көміл танығанын андатады. Ақынның өзін тануы бар да, өз әлемін егжей-тегжейлі саралауы бар. Ішкі қайшылықтың қым-қиғаш қарбаласы бар. Бұл келелі кеңесті, тұрлаулы талдауды керек етеді. Оған қалай баратынымызға осынау енбектің ұзындығасы жауап бермек. Шеберлік шіркіннің бойға шым-шымдал, шымырлап тарайтынын айтпағанда, Абай мұрасы асығыстықты, ұшқарлылықты, дәлсіздікті көтермейді. Бұл мұраны ұғынуға дарын жетпесе шара жоқ, ал дарын жетсе, оның қатарында жауапты ізденістер, терен толғаныстар, байсалды пайымдаулар болуы шарт. Жақсыға сүйсінудің, тамашаға тамсанудың аргы жағында құнарлы да қосалқы дүниеліктер дәмділігі екі ұшты. Осы тұрғыдан келсек, Абайдың өмір тарихына, заманына, өскен ортасына жете зер салмай шындық шешілмейді.

Абай 1845 жылы 10 авгуستа Шынғыстаудың бөктерінде дуниеге келеді. Бұл кез қазақ халқының Россияға түгел қосылып болған кезі еді. Патша үкіметінің отарлау саясатының озбырлығына, жүтепсіздігіне қарамастан, бұл қосылудың тарихи мәні аса зор болғаны мәлім. Мәдениетке жырақ ғасырлық көшпенделіліктің негізі шайқалып, отырықшылық өмір жаңа нышанын көрсетті, прогрессивтік канатын жая бастады. Бұрынғы жабайы шаруашылыққа ақша араласты. Қазақ даласына тіршіліктің жаңа түрлері енді. Жаңа идеялар келді. Экономикалық, рухани жаңа мәдениет бой көрсетті. Бұл, әсіресе, Россиядағы 1861 жылғы реформадан кейін кең өріс алды. Россияда өркендеген капитализм қазақ даласының

байлығына құныға түсті. Шортанбай, Бұқар жыраулардың зарлайтын «көр заманы» осы процестің алғашқы кезеңі еді.

Абайдың әкесі Құнанбай патша үкіметіне арқа тіреген ірі феодал еді. Ол құллі Тобықты руын билеп-төстеді. Қазактан тұнғыш аға сұлтан болды. Мейлінше қатал, озбыр Құнанбай Абайдың ерекшे зеректігін танып, оған үлкен үміт артты. Өзіндегі етіп тәрбиелеп, өзіндегі әкім, ағзам етіп шығаруды аңсады.

Құнанбай құллі қазак сахараасына данқты кісі болған. Айласына найза бойламайтын, ақылды адам еді. 1849 жылы октябрьде, яғни Абайдың төрт жасар кезінде, қазақтан тұнғыш аға сұлтан боп сайланған Құнанбай Өскенбаев екі түрлі саясат жүргізеді. Бірінші жағынан, ол патша үкіметіне арқа тіреп, Тобықтының қалың елін қойдай үйіреді, ақ дегенін – алғыс, қара дегенін – қарғыс етеді, дәулет молықтырады. Екінші жағынан, қазақтың ғасырлық ұғымын, салт-санасын пайдаланып, өз атағын шығарудың түрлі тәсілін табады. Кейін, картайған шағында, Меке-Мединеге барып, өз каражатына мешіт салдырып кетеді. Елге оралғанда «қара қылды қақ жарған қазы» атанады. Әйгілі «Біржан – Сара» айтысында төкпе ақын: «Құтыма тіл тигізбе ер Құнанбай, алашқа шықты данқы кер бұландай», – деп дәріптейді. Кенесары Қасымовтың бүліншілігіне байланысты ұлы жүзге сапар шеккен Вишневскийдің экспедициясына енген поляк саяхатшысы Адольф Янушкевич Жетісуға келер алдында Сарыарқаны аРАЛАП, Тәттімбеттің аулынан түстік жеген, содан Шыңғыстауға шейін барған. Сол саяхатшы Янушкевич Құнанбай туралы былай деп жазады: «Памяті тамаша, сөзге шешен, табиғаттан парасатты туған Құнанбай – қарапайым қазақтың баласы. Дала правосының үлкен білімдары, қара қылды қақ жаратын қазы, тақуа Құнанбай – өз ағайындарының қамын жейтін іскер адам. Ол пайғамбардың данқына ие. Оған ең алыстағы ауылдардан жастар мен көрілер, кембағалдар мен дәулеттілер зиярат етіседі».

Осындағы сырқынды Құнанбай зерек Абайды сәбінде молдаға оқытып, сегіз жасында Семей шаһарындағы Ахмет Риза имамының медрессесіне оқуға жібереді, Абайдың басқа жолға түсетінін болжамай жібереді.

Дүние жүзіндегі ең бір шытырман, ең бір қын, мағынасыз оку – діни сабактар жүретін медіреседе Абай да оңай азап тартқан жоқ. Мағынасы жат діни кітаптардың әрбір харпіне шұқшиып, жаттап алуға мәжбүр болды, медреседе ересек адамдар да оқушы еді. Олар да құранның түсініксіз сөздерін жаттап, ораза тұтып, намаз оқығаннан басқа өмірге жуысадын пайдалы ілім ала алмаушы еді. Бар әңгімелері діни ереже болатын осындаі ойсыз ортада жүрсе де, жас Абай олардың ауқымында, ықпалында қалып қоймады. Исдам діннің кертарапта қағидалары оны қанағаттандыра алмады. Өмір үшін туған Абай сол діннің күнгірт дүниесінде адасып қалмай, сөулелі, нұрлы дүниеге қарай талпынды. Поэзияға ерте әуестенді. Медреседе араб, фарсы тілін үйренген Абай шығыс ақындарын құмарта оқыды. Бар ынта-ықыласы соларға ауды. Шығыс классиктерінің ғажайып шығармалары жас Абайдың ой-қиялын тербелтті. Тәтті армандар туғызыды.

Патриархалдық ескіліктің өкілі Құнанбайдың төрт әйелі болған. Олардың арасындағы бақастық, күнdestік, ғайбат-шылықтың шалығы балаларына да тиген еді. Соңдай бақасшыл ортада Абай өсек-аяңың торына шырмалып қалмай, бойын аулақ сақтай білді. Ол мейірбан пананы өз шешесі Ұлжан, әжесі Зереден талты. Бұл екеуі де парасатты, қайрымды, бауырмал ана еді. Құнанбай сұмдықтарынан олар Абайды шектей ұстауга тырысты. Құнанбай қойған Ибраһим деген есімді Ұлжан еркелете «Абай» деп атады. Осы есім жаңа өмірді аңсаған сахара халқын рухани дүшпандардан қорғар Абай болып қалды. Кейін Біржан ол туралы: «Орта жүз Абай қойған атын батпай», – деді.

Немересін жүргімен мәпелеген Зере өзі шексіз көп билетін ертегі, жырлармен Абай қиялын әлдилеуден жалықкан жоқ еді. Сахара өлең-жырга, ән-күйге, не-не тамаша эпосқа, ертектерге, аныздарға толы болатын. Соның бәрі медіреседе оқыған Абай қиялында шығыс поэзиясына ұласқан соң, Абайдың ақындық ынтықтығы ерте ұлғаяды. Ол шығыс ақындарына еліктеп өлеңдер жазады. Әттең, бізге бірен-сараны ғана жетті.

Әрине, медреседе жүрген шәкірт Абайдың алғашқы өлеңдері, әсірессе, тіл жағынан шұбарлау, халық тұрмысынан жырақтау еді. Кейінгі өтө нәрлі, татымды піскен поэзиясына келе алған жоқ-ты.

Медреседе бес жыл болған Абай сол жылдардың соңғы кезінде бір жағынан Семейдегі орыс мектебіне түсіп оқиды. Медресенің діни қаталдығы оны қаймықтыра алмайды. Бұл – Россия патшалығына бағынған қазақ халқы орыс мәдениетінің дәмін толық тата бастаған, орыс тілін білу үлкен өнер саналған кез еді. Абай өз заманының жаңа ояңған тілегіне орай, ерен талпынушылардың бірі болды. Бірақ Абай сол орыс мектебінде үш-ак ай оқыды. Оны ел билеу ісіне араластырмақ боп, экесі ауылға алып кетеді.

Құнанбай ол кезде қаншама дәуірлеп тұрса да, қарсылыққа көп ұшырап, бар күнін тартыспен өткізген еді. Қарапайым халықтың ішінен бас көтере бастаған адамдар болып еді. Соны сезген, содан қаймықтан Құнанбай ең алдымен балаларына арқа тіремек болады. Әркайсының әр тайпаны, әр руды басқартып, күллі өлкені шенгелінде ұстай беруге күш салады, Сол балаларының ішінде Абайдың өрен алғыр, тапқыш, шалымды екенін көміл аңғарған Құнанбай оған ерекше зер салады, өзінің төл мұрагері еткісі келеді.

Абай ғаделет жолын тарихи шындықтың шенберінен шығып іздей алмайтын еді. Ол ел билігіне де араласты. Сол арқылы өз тұстарының, «узенгілестерінің» сырына қанды. Кейін, Салтыков-Щедриннің үлгісі бойынша, оларға улы сөзден оқ атты. Екінші жағынан, Абай еңбекші халықтың қуйзелген халін де жақсы таныды. Соған мейлінше жаны ашып, қайғырды. Мұның өзі көп ойға түрткі салды. «Ерте оянып, ойланып, жете алмады».

Ақындық, ағартушылық қайратқа мінбеген, озық орыс мәдениетіне бойламаған кезінде Абай дала жуандарымен қуресте іштен шалып құлатудың айла-тәсілін іздейді. Дау-далбаға жіңі түсіп, билік айтатын Абай үшін ұтымды, орамды тіл, шешен сөз керек еді. Осы жолда ол бұрын-сонды сөзуарлық мұрага, макал-мәтелдерге, нақылдарға, түрлі айтystарға, өлең-жырларға, қыскасы фольклорлық байлыққа тағы қайта оралады. Терен зейін қойып, кеңінен қамтиды, мол үйренеді. Халық сөзінің қуатын, құнарын, нәшиń үғады. Сондықтан да ол «қазақта қара сөзге дес бермеді». Сөз күшінің зор екенін жақсы білген Абай өмір күресінде

қалың бұқараның қамын жеп, мұнын жоқтайтын ақындардың жырына бой ұрып, ерекше екшеп үйрене білді. Әрине, көбісінің есімі бізге жетпеген білімі тар бұл ақындар кейінгі озық білімді Абаймен салыстырғанда кеме жанындағы қайықтай болып қана қалады. Бірақ соған қарамастан олар Абайға үлкен әсер етті. Абай сөз жұмсау тәсілдерін үйренді. Тілге молықты.

Мұның бәрі кейін Абайдың ақындық өнерінде орын-орнымен кәдеге асқанын көреміз. Абайдың дүниес жузінің прогрессивтік мәдениетінен, оның ішінде, әсіресе, орыс жаңашылдығы өзінің ұлттық дәстүріне шәркез келмей, жатырқамай, кайта соған туыса кетіп, соны байыта түсі де осыдан болатын.

В.Г. Белинский Александр Пушкиннің шығармаларын талдағанда, оны тудырған, мәпелеген, қанаттандырған орыстың халық поэзиясы екенін, содан кейін Державин, Сумароков, Жуковскийлер екенін баса айтады. Ал, бұл ақындар Пушкиннің ширегіне келмейтіні хақ қой. Асылы, ұлттық дәстүрден тыскары туатын гений болмасқа керек. Абай туралы да осыны айтуымыз мақұл. Абай да халық поэзиясына арқа сүйеді. Абай да өткен ақындар мен замандас ақындарының ілгерімпаз, жаңалықшыл жақтарын қоштайды. Абай да тіл тазалығы, бұқарашибалығы үшін күресті.

Осыны ерте сезген Құнанбай төңірегі Абайды ақындардан, қалың бұқарадан аулақ ұстауға тырысты. Бірақ шортанды судан шығаруға болмайтын еді. Абай өз үйірін тапты. Бұл әкесімен арасындағы шәркездікті күшетті. Оның үстіне, Абай өз ісінде әділдікті көздеді. Құнанбай мұддесіне, ескі феодалдық көзқарасқа, салтқа қарсы шыға берді.

Өмір сүруде, уакытты өткізуде, мұратқа талпынуда ұғымның орны ерекше. Біздің заманды ұлы гуманист А. М. Горький: «Жер жузіндегі ең биік лауазым – адам болу», – десе, сонау заманда Абай: «Биік мансап – биік жартас, ерінбей сибектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады», – деген. От басы, ошақ бұтында ұдайы қол қусырып отыруға болмайтынын білген ол ел билеу ісіне лажсыз араласқан. Бір рет болыс та болған. Соның өзінде әділдікті жақтаған.

Қазақтың шежіресін жатқа соғатын, шешендіктен алдына жан салмайтын Абай озбыр «мыңмен алысты». Көбінесе

орыс іліміне арқа сүйеді. Мың дегенмен, белгілі нормасы бар орыстың үкімет заны, тәртібі сахараның жабайы жолсыздығын тықсырып, шеңберін тарылта бастаған еді. Бұндай жағдайда дала шонжарларының сойылдан шенге көшүі табиғи-ды. Абайдың бөбек кезінде, 1847-1848 жылдары, Сібір қазактарынан дала уалаятында бір полковник (Қонырқұлжа Құдаймендин), үш подполковник (Желқара Байтохин, Тұрлыбек Көшеноған, Тұрсын Шыңғысов) болған. Бұдан шені бір елі төмөн жеті майордың бірі Шыңғыс Уәлиханов еді.

Бұдан кейін тоғыз капитан, екі штабс-капитан бар-ды. Атақты он поручиктің бір де бірегейі Құнанбай Өскенбаев еді. Бұған сегіз прaporщик, сегіз хорунжийді коссаныз, шен құмар қазақтардың төркінін тану қыынға түспейді. Осыған орай және бір дерек келтіре кетейік. «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомствам» деп аталатын баспасөз мағлұматында (1888 жыл, 18 ноябрь, № 46) уалаяттың генерал-губернаторлығының 1888 жылғы 31 октябрьдегі 93-санды бұйрығы жарияланады. Кедір-бұйрық кенсе тілінде жазылған ол бұйрықта былай делинген: «За усердную службу и особые заслуги, местным начальством засвидетельствованные, награждены мною: по Семипалатинской области, Семипалатинского уезда:

Кафтанами I разряда: управитель Чингизской волости Остап (Оспан болса керек. – Т. Э.) Кунанбаев, бий Арчалинской волости Джуваныш Джаркембаев.

Серебряными часами с такою же цепочкой: переводчик Семипалатинского уездного начальника, обер-офицерский сын Мухамед Рахим Юнусов...»

Бұны қазақшага жатық аударсақ, былай боп шығады: «Жергілікті басшылардың жасаған күәлігі бойынша, беріле қызмет істегені үшін һәм айрықша сінірген енбектері үшін Семей уезінің Семей облысы бойынша мына адамдарды: Шыңғыс болысының болысы Остап (Оспан болса керек. – Т.Э.) Құнанбаевты, Аршалы болысының би Жұбаныш Жәркембаевты I жүйелі шекпенмен сыйладым.

Семей уезі бастығының тілмашы, обер-офицердің баласы Мұхамед Рахим Юнусовты әлгіндей шынжырлы бауы бар күміс сағатпен сыйладым...»

Тілмаш дегеннен шығады, шенге ие боп сыйлыққа қолы жеткен қазақтардың дені орыс тілін білмеген, білсе шала-пұлағана білген. Осының өзінен де олардың ой-өрісін шамалауға болатын сияқты.

Абайға орыс тілі мәдениет дүниесінің есігін ашып беретін кілт болды. Бірақ сол кілт басқа да қоделеріне асатынын ол жақсы білді. Немесе, орыстың революцияшыл-демократтарымен Лев Толстойдың романдарын өкіп жүріп танысқан Абай орыс тілін солардың ақылы бойынша үйреніп еді деп айта алмаймыз. Марксизм әрбір құбылыстың объективтік зандарын, себептерін әр тұстан толық қамтып, терең ашуды талап етеді. Олай болса, Абай тұа салысымен-ақ өзін бүгінгіше таныды, бірден әдебиетке бой ұрды деу қарадурсіндікке жатпақ. Тіптен, Абайдың өз өлеңдерін өмірінің ақырғы жылдарында ғана жинастыруының өзінде жұмбақ жатқан жоқ па. Бұған сонау Михаэлис, Долгополовтардың, «соңғы толқын» Әбдірахмандардың ықпалы тимеді дейсіз бе. Сөз жоқ, тиді. Абай өз искусствоның келешегі зор екенін кешірек таныды, бірақ көміл таныды.

Абай әкей-үкейдің қабағына қарайламайтын болған кезде, балалық шағында аз айналысып қол үзіп кеткен орыс тіліне қайта оралады. Семей қаласына барып, қыста айлап жатады. Сірө, ол жеке мұғалімдерден дәріс тыңдаса керек. Орыс тілін үйреніп, терең мағлұмат алады. Тілге аса икем Абай орыс тілінде шыққан кітаптарды көп оқиды. Семейдің Гоголь есіміндегі кітапханасынан шықпайтын болып алады. Е.П. Михаэлиспен ең алғаш сол кітапханада танысқан. Абай одан басқа да жер ауып келген революционерлермен танысады. Бұлар Россияда шаруалар революциясының идеологі Николай Гаврилович Чернышевскийдің жолын қуған шекірттері еді. Абай солардан қашпай, қадрлес, сыйлас болды да, көп ұзамай мықтап достасып кетті. Бұлардың бәрі ірі ғалымдар еді. Жер ауып жүріп, әлеуметтік үлкен жұмыстармен шұғылданады. Солардың тілек, талаптары бойынша.

Антрапологиялық музей, көпшілікке арналған кітапхана ашылады. Олардың қайсыбірі қазақтардың даладағы өзіндік зандарын, салттарын зерттеп, бұл туралы кітап жазады. Е.П. Ми-

хаэлис орыстың географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бір белсенді қайраткері болады. Осы Михаэлис жөніндегі орыстың географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің берген мынадай бағасы бар: «Батыс Сібір және Семей өлкелерінің ірі ғылыми қызметкери Е.П.Михаэлис қазақ дала-сында поэтикалық ірі талант тапты, ол қазақ ақыны Ибраһим (Абай) Құнанбаев еді, соны Михаэлис бірнеше жылдар бойында тәрбиелеумен шүғылданды. Осының нәтижесінде қазақ халқы Құнанбаевтай тамаша ақынға ие болды, ол ақынның өзі жазған және аударған (қазақ тіліне Крыловтың мысалдарын, Пушкиннің кейбір шығармаларын аударды) талантты шығармаларын күллі сахара ынтыға оқыды». Абайдың: «Дүниеге көзіmdі ашқан кісі – Михаэлис», – деуі осыдан болса керек.

Шынында да Михаэлис, Гросс, Долгополовтар Абайға үлкен ой салды. Бұлар қазақ халқының тұрмыс-хәлін, әдет-ғұрпын, мәдениетін зерттеді. Жазда Абай аулына барып, ұзак меймандайтын болды. Қыста калаға Абайдың өзі келіп тұрды. Келмеген кездерде ұзбей хат жазысты. Абайдың орыс достары оған керекті әдебиетті екшеп берісті. Солар арқылы Абай орыс әдебиетімен мол танысты. Философия ғылымымен ұзак шүғылданды. Ол Спенсердің, Спинозаның, Милльдің, Дрепердің, Тэннің шығармаларын оқыды. Біраз уақыт Дағвин ғылымымен айналысты.

Бұл орайда нәшірияттық, баспасөздік деректерге аракідік бой ұрмасқа болмайды. 1891 жылы, Абайдың тірі кезінде, Лондон нәшіриятында американ журналисті һәм саяхатшысы Джордж Кеннанның ағылшын тілінде «Сібір және жер аударылғандар» атты кітабы жарияланады. Бұл кітап 1906 жылы «Сибирь и ссылка» деген атаумен Петербургте орыс тілінде шығады. Осы кітапта Абай (Ибраһим) Құнанбаев туралы қызықты дерек бар.

Джордж Кеннан – патшалық Россияда әр түрлі тәсілмен жер аударылған қайраткерлерді көзбен көріп, материал жинап, кітап жазбақ болған тәуелсіз журналист-жазушы. Ол көнілі қалаған жерлерін еркін аралайды, абақтыда отырган адамдармен сөйлесуге хұқық алады. Сөйтіп, 1864 жылдан бастап 1890 жыл

аралығында Россияның азиялық және сібірлік аймақтарына төрт-бес мәрте саяхат жасайды.

Осындаи сапарының бірінде Тюмень, Омбы, Новониколаевск (осы күнгі Новосибирск) қалаларында болып Семейге келеді. Одан Өскеменді, Алтайды, Шемонайханы, Пьяниярды (осы күнгі Новошульба ауданы), Қотанқарағайды, Шынғыстауды, Марқакөлді аралап, қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен танысады.

Бұл кезде Семей патша әскерінің берік бақылауындағы қала еді (Мынадай қосалқы дерек келтіре кетуге болады. Семейде 1808 жылы әскери казактар 6200 адам болса, 1841 жыл әйел-еркегі аралас 84331 жан болған). Дж. Кеннан сол Семейдегі саяси жазықтыларға жолығады. Олар жер ауып келгендер еді. Кейде көрнеке, кейде құпия бақылау астында тіршілік құрып, қызмет атқарушы еді.

Аталған кітабында Дж. Кеннан орыс революционерлерімен қатар қазақ санаткері Ибраһим (Абай) Құнанбаев туралы да әңгіме шертеді. Ол былай дейді:

«Кешкі құрым біз қалаға (Семейге) қайтып келдік те, Леонтьевтің үйіне бардық. Бұл үйге көптеген бейтаныс адам жиналған екен. Бәрі де жер ауган жандар. Леонтьевтің үйінде Спенсердің суреті ілулі тұрды. Басқа жиһаз жоқ. Қонақ саны он бес адам болды.

Көнілді, қызықты, еркін әңгіме біздерді бір-бірімізге тез таныстыруды, Менің кейбір сұрақтарыма жауап бере отырып, Леонтьев маған Семей қаласы кітапханасының қалай жұмыс істей бастағанын баян етті. Кітапхананың жер аударылып келген мұндықтарға ғана уаныш емес екенін, қала халқының да ой-өрісін кеңейтерлік рухани азығына айналғанын айтып өтті.

Керек десеніз, бұл кітапханадан қазақтарға шейін пайдаланады. Мен Ибраһим Құнанбаев деген қарт қазақты білемін. Ол – кітапхананың байырғы оқырманы. Тіпті, ол Милль, Бокль, Дрэпер сынды авторларды оқиды.

– Семейде Милль мен Дрэпердің енбектерін окуға дәрмені жетерлік қазақтардың болғаны ма? – деп бір студент таңдана дауыстады.

– Маған сенсөніздер – осы. Ол қазакпен кездескен алғашқы күннің өзінде-ақ өзінің білім парасатымен таң қалдырды. Ол менен индукция мен дедукцияның айырмашылығын түсіндіруді сұрады. Содан бері оның ағылшын философтарының еңбекін егжейлеп, зерттеп жүргеніне және мен атаған авторлардың әммесін түтел оқығанына көз жеткедім.

– Сонымен, сіз, ол қазақты сол оқығандарын түсінеді деп ойлайсыз ба? – деп манағы студент жігіт қайта өршеленді.

– Дрэпердің «Европаның ой-өрісінің өркендеуі» атты кітабы жайынан мен одан қатарынан екі түн емтихан алдым. Соған қарағанда, оның түсінеттініне мен сенемін»¹.

Джордж Кеннан – 1864 жылы телеграф әліппесінің негізін салушы Морзенің туысканы. Ол Россияға бірінші ретте сол Морзенің тапсырмасымен келеді. Америкадан Россияға Беринг бұғазы арқылы телеграф желісін жүргізу жұмысымен айналысады. Бұның өзі оның Россияда еркін жүруіне мүмкіншілік туғызады.

Прогресшіл американ журналисінің Абай Құнанбаев хақында айтқандарының түгелдей растығына күмән болмаска керек. Бұл кез Абайдың философиядан, әдебиеттен мол білім алып қалған кезі еді. Ол Белинский мен Чернышевскийдің, Салтыков-Щедриннің шығармаларын толық оқып, Пушкин мен Лермонтовтың, Крыловтың шығармаларын аударып жүрген болатын. Оның үстінен, Батыс жазушыларының шығармаларын да молынан білген. Абай өзі оқыған кітаптарының мазмұнын маңындағыларға кең әнгіме етіп отырады екен. Александр Дюманың «Үш мушкетері», «Генрих Наварский», Конан Дойльдің «Шерлок Холмсы», Лесаждың «Ақсақ серісі» сахараға сол арқылы тараған. Әрине, батыс романдарын, әсіресе, француз романдарын Абай бұдан әлдекайда көп білгені шексіз. Өйткені, ол орыс тіліне аударылған шығармалардың басты-бастыларын түтел оқыған.

Петр Первый туралы, Валька-Канн туралы орыстың халық ертегілері де, Лермонтовтың поэмалары да, «Шахнама», Ләйлі-Мәжнүн» секілді көптеген шығыс дастандары да, «Мың бір тұн» де сахара жұртына ең алғаш Абай арқылы кең тараған.

¹ Садық Қасиманов. Абай есімі американ әдебиетінде // Қазақ әдебиеті. – 25 декабрь, 1964 ж. № 52 (727).

Қараңғы қазақ даласы жағдайында сол оқыған көп-көп кітаптарын Абай ауызша ғана таратадын еді. Сондықтан ол төнірегіне зейінді әңгімеші, ертекшілерді жинап, солардың құлағына құйып отырған. Ал әңгімеші, ертекшілер жұртқа тарататын болған. Осындаі әңгімешілердің бірі Баймағанбет деген кісі көвшілік ортасында кәдімгі профессионал артистерше бет құбылысын, сөз нақышын келтіріп, түрлі-түрлі макаммен баяндайтын болған. Сол сияқты, сахарадағы өнерлі, талапты, жаңашыл жастар Абай төнірегіне жиналатын еді. Ұлардың көбісі өлең шығарып, көбісі ән айттып, сөз жаттап, өз әлінше ағартушылық қызмет атқарысады. Олардың білім алуына Абай ағалық көмегін аямайды.

Абай өз балаларын орыс мектебіне окуға береді. Қызы Гүлбадан, кіші баласы Мағауия біраз уақыт орыс мектебінде оқып, денсаулығының нашар болуына байланысты аулына қайтады. Үлкен баласы Әбдірахман Петербургтегі Михайлов училищесін бітіріп шығады. Ол кезде Россияның астанасы Петербургтен мол білім алғып қайткан аса зейінді Әбдірахман, Абай сөзімен айтқанда, «жанаңың басшысы» есепті еді. Ол орыстың прогрессивтік мәдениетін өз халқына көн таратушы қайраткердің бірі болмақ еді. Бірақ ерте өліп кетті.

Абайдың ақындық дарынның жете таныған, оның профессионалдық жолға түсіүне кеңесші болған адамдардың бірі Әбдірахман деп білеміз. Сол Әбдірахманмен Абай ғылыми, философиялық тақырыптарға көп сөйлесіп отырған. Тіпті, Абай одан пікір жарысын көруді ұнататын болған. Ұдан біз әр мәселеден тиянақты, терең хабары бар Әбдірахманмен әңгімелесуден Абайдың рухани ләззэт, нәр алғып отырғанын анғарамыз.

Қоғамдық өмірдің қай саласында болса да атақ пен данқ көбінесе жастар арқылы шығады. Абайдың көрітартпа көрілерге иық тіремей, келешегі көрініп тұрған жастарға сүйенуінде табиғи себептер жатады. Оны ел ішіндегі жуандар, би-болыстар, атқамінерлер көре алмады. Оның қалың бұқараның мұнын жоқтап, озбырларды шаншыған наизалы сөзінен шошыды. Сондықтан оның үстінен жоғарғы ұлықтарға арыз жаудырып, «ел ішін бүлдіруші, патша ағзамға қарсы шығушы» деп жамандады.

Жер аударылған революционерлермен достасқан Абайдан бұрыннан да сезігі бар жоғары әкімдер Абайға астыртын бақылау қояды. Оның ауылдарын бағатын тыңшылар кебейеді. «Абай Құнанбаев – патша үкіметі үшін қауіпті адамдардың бірі» деген хабар соғыс губернаторына, Дала өлкесінің генерал-губернаторына жетіп жатады.

Бұған Абайдың кейір содыр-сотқар туысқандарының жолсыздығы қосылады. Олар Адайдың беделін бетке ұстап, айналасын қан қақсатады, момын бұқараны қанаудың үстіне, ұры-қары аттандыруға шейін барады. «Киргизская степная газетаның» 1897 жылғы 24 августағы 33-санында жарияланған хабар осы жүгендізікке салынған таңбадай еді.

Текстін келтіре кетейік: «Предаются суду при Семипалатинском областном суде бывшие: волостной управитель Кзыл-Муллинской волости, Семипалатинского уезда Искак Кунанбаев и аульный старшина той же волости Какиш Джаныбеков...»

Бұны қазақшаға аударсақ, былай боп шығады, «Семей уезінің Қызылмола болысының бұрынғы болысы Ысқақ Құнанбаев және осы болыстың бұрынғы ауылнайы Кәкіш Жаныбеков сотқа тартылады, ісін Семей облыстық соты қарамақшы».

Осындай оқиғалар Абай үшін соққы еді. Жығылған үстіне жұдышық еді. Бұған саясаттың ісі, саяси күдік араласқанда, Абайдың басындағы хал түсінікті болады. Россияда жұмысшылар қозғалысы күшейіп, ескі дүниенің іргесін солқылдатқан дүмпү үдең келе жатқан кезенде әрі үрейлі, әрі ызалы патша үкіметі революциялық-демократтық ұранға үлесіп кетеді деген әрбір үнді тұншықтырып тастауға әзір еді. Сол үкіметтің сеніп қойған адамдары жаңашыл Абайға қырын карады. Оның прогрессивтік әрекеті ұлғайған сайын қаһарлана түсті. Семей каласының полицмейстері қасына жандарм отрядтарын ертіп, Абайдың ауылына дүркін-дүркін тінту жүргізді.

Соңғы тінту, жаңылмасақ, 1904 жылы жүргізіледі. Оған мынадай себеп болады. Белгілі ұлтшыл Әлихан Бекейханов Абайға астыртын хат жазып, революциялық дүмпуді мензейді, елді көтеріліске шақырмақ ниет білдіреді. Абай оған жауап қайырмайды. Ұлтшылдардың ымы-жымын тәрк етіп, тәкаппар

санаткерліктен таймайды. Тінтуден нәтиже шықпағанда, Абай кіші әйеліне: «Хат сенің қалтаңда еді ғой, берсөңші!» – дейді.

Осындай сұмдықты қунілгері де, кейін де сезген, болжаған, байыптаған ақылды Абай ғайбатшыл қундегіштерді: «Қазақтың қайсысының бар санасты? Қылт етерде дап-дайын бір жаласы; пысықтықтың белгісі – арыз беру, жоқ тұрса бес бересі, алты аласы», – деп, тайға таңба басқандай әшкерелейді. Әшкерелеу арқылы саналыларға сыр шертіп, мұн шағады. Абайдың мандайға біткен соры да осы мінезі еді, өзгеден озық атағы, дархан даңқы еді. Көрнеу күнәсін, қалтарысты қылмысын таба алмаған мәртебелі ұлықтар оған құдікпен қарасады. Бұрын Абайдың біліміне, эрудициясына тәнті болған, «Осындай да қазақ болады екен-ау?» – деп таңданған генерал-губернатор көз қимас Абайды шарасыз қуғында мақ болады. Бірақ халықтан сескенеді.

Семей әкімдері Абайдың достарын – Долгополов, Михаэлистерді басқа жаққа жер аударып жіберді. Ал дала шонжарлары Абайға қастандығын тыымады. Ағайын-жақындарын азғырып, алауыз етті. Абайды қоршаған талантты жастарды қудаласты. Тобықтының соқталы жуандарының бірі Оразбай Аққұлов өзге озбырлармен бәтуаласып, топ құрды да, 1898 жылғы Семей оязына қарасты болыс-билердің қайта сайлауында Абайға таяқ тигізуден шімірікпеді. Құншіл, бақасшыл тобырдың қиянаты ақын көңіліне қаяу салып, қайратын қажады. Ұстаз есепті болған орыс достарынан қол үзіп, кәдімгідей жалғызырап қалған Абай дала жуандарының жауыздығымен жалғыз алыса-алыса қажыды. Рухани жалғыздыққа ұшырап, ішқұсталиққа бой алдырған Абайдың дүниеден торықпасқа шарасы жоқ еді. Ол асқына торығады, хаққа мойын ұсынады, апиын ішуге шейін барады.

Халыққа тараған қауесетке қарағанда, санасыз сахара шонжарларының Абайға элденеше рет у бергізгені расқа ұксайды. Жіті баксаныз, ақынның шығармаларында «удан» аяқ алып жүре алмайсыз. «Улы сусын төгілсін», «Мен ішпеген у бар ма?», «Өткен күннің уларын», «Ашуың – у», «Су екен – у екен», т.б. «Уды у кайтарады» демекші, апиын ішудің астары болуы да мүмкін. Ішқұсталиқтан ғана ішті деу қисынсыз.

Қазакта бақасқа у беру әдеті бұрыннан бар. Әсет Найманбаевты у беріп өлтірген. Жетісулық жаһилдер бәсекелеске қарақұрт асатқан. Таңкенттік сұрқиялар сонау заманда Арқадан бауырын (Дүрмен биді) іздең келген арғындардың үзенгісіне у жағып қазаға ұшыратқан. Осы тақылеттес қаніпезерлерді Абай «көздің жасы, жүректің каныменен ерітуге болмайды ішкі мұзыны» деп бейнелегенде, бастаң кешірген қияннатты жазған. Дүниежүзіндегі мемлекеттер тарихында у берушілік мансаплауазым тартысына қарай шәркездігіне байланысты болушы еді. Қазақ топырағында болыстыққа таласқан әке мен бала, аға мен іні қандасуға шейін барушы еді. Сол жағымсыз құлықты шенеген, қалың қазакты игілікке баулыған періште ақынның ғұмырына қастандық жасау – құлақ естімеген құбыжық.

Абайдың шорт сынып, морт отырып қалуына сонау Оспаның, одан бергі Әбдірахманның, ең соңғы Мағауияның өлімі себеп болды деген болжаку – мен үшін иланымсыз. «Қалың елім, қазагым, қайран жұрттың» деп, өміріне қам жеген қайраткер Абай, Оспанның өлімінде «бергішім-ой!» деп дауыс салған ағайынды «алғышым-ой!» деп қаза үстінде әжуалаган сыншы Абай, бауыр мен баланың қасіретін көтерсе керек-ті. Рас, жалпақ жұрттың аңызы Мағауия өлгенде, Абай: «Қырық күннен қалмай артыннан баармын, қарагым!» – депті деседі. Абайдың қырық күннен кейін дүниеден көшкені де рас. Бірақ бұл фактының бір өзі Абай өлімінің түпкі себебін аша алмайды. Әсершіл ақынның, мейірбанды экениң елжіреген жүрегін танытады. Қасіретті, қуанышты шақтарда пенденің көніл күйі шұғыл өзгермек, басына алуан ой оралмақ. «Өліп тынамын!» дегендердің өлмегенін талай көргенбіз. Абай қырық күнді мензеген жерінен шықса, бұны фәлсапа тілінде кездейсоқтық дейді. Оның ақырамаш түніліске, таусылған торығысқа баруының өзінде тозған ғұмырдың қаңқасы жатпасын?! Абай сынды шексіз сезімтал ақынның төл организмді тануы жатпасын?! Айтушылар сыршыл суреткөр Бальзак адамның денесінен бұрын медицина байқамаған без тапқан деседі. Ақтық тынысы тақалып, көз жұмарында, дәрігерге: «Алты күндік тіршілік қоссаныз, барлық кітабымды өндеп шығар едім», – деп қыылған деседі.

ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны	213
Бельгер Г. Абай мен Гете	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі	267
Түсініктер	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
IV том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8879

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.